



8 | СЕМИНАР



12.06.2025 ж. Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Есірткіге тәуелділік, жас-жыныстық ерекшеліктері» атты оқу семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында:

Есірткі заттарының адам ағзасына зияны;
Ерлер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктері;
Жасөспірімдер мен жастар арасында тәуелділікке әкелетін факторлар;
Алдын алу жолдары мен қолдау механизмдері талқыланды;
Іс-шараға Жамбыл облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция майоры А.А.Каукешова, «Қаламгер» клубының жетекшісі, ақын, психолог Марал Хантөреқызы және Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» ҚММ-нің маманы Қ.А.Бикенова қатысып тақырып бойынша кеңінен ақпарат берді. Сонымен қатар іс-шарада студенттерге есірткінің қылмыстық жауапкершілігі туралы ақпараттық үнпарақтар таратылды.



9 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«Заң мен тәртіп» құқық бұзушылықтардың профилактикасы шеңберінде бала мен ананы қорғауға бағытталған акция аясында қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен

дәріптеуге қосқан елеулі үлесі үшін, сондай – ақ ішкі істер органдарымен өзара тиімді әрекеттестігі үшін колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна Жамбыл облысы полиция департаментінің басшысы, полиция полковнигі Б.Малыбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Құттықтаймыз!



жас мамандарға арналған облыстық зияткерлік ойынында Жамбыл жоғары медициналық колледжі атынан «Иммунитет» командасы қатысып, жүлделі II орын иеленді. Колледж психологы Сүйінбекұлы К., оқытушылар: Ыбрайымжан Ә.А., Асанова Ұ.Х., Атибек А.Б., Нұрланқызы С. Алғыс хатпен марапатталды.

“Өркениет” ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен үздік педагогикалық ойлар тақырыбында өткен республикалық байқауына орыс тілі және орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы Бердалиева Э.Б. “Анализ текста” авторлық бағдарламасын жариялап, I дәрежелі дипломмен марапатталды.



12.06.2025 ж. Медицина қызметкерлері күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бірқатар қызметкерлері марапатталды: ҚР денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна, ҚР

денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен Тілеген Бейсекүл Сапықызы, Жамбыл облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін белгісімен» кәсіптік пәндер оқытушысы Алтынбекова Жанна Ратбековна, Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және өңірдің денсаулық сақтау



саласына қосқан үлесі үшін әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Ляззат Касеналиевна марапатталды. Құттықтаймыз!



ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

09

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ФОРУМ

«Балалардың болашағы –Сәтті мансаптан басталады» тақырыбында бірлескен форум өткізілді

01

АШЫҚ САБАҚ

Маусым айында өткізілген ашық сабақ.

02

ЖАРЫС

Тоғызқұмалақтан колледж біріншілігі өткізілді.

03

«ЖАС МАМАН, АЛҒА ҚАРАЙ БАС ҚАДАМ!»

Мерекелік іс-шара.

04

«САУЛЫҚ САҚШЫСЫ-ДӘРІГЕР»

Мерекелік құттықтау.

05

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

2024-2025 оқу жылының қорытынды педагогикалық кеңесінің отырысы өткізілді.

06

ТҮЛЕКТЕРМЕН ҚОШТАСУ

Колледж түлектеріне диплом табыстау рәсімі өткізілді.

07

СЕМИНАР

«Есірткіге тәуелділік, жас-жыныстық ерекшеліктері» атты оқу семинар ұйымдастырылды.

08





1 | ФОРУМ



05.06.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігі мен прокуратураның «Балалардың болашағы – Сәтті мансаптан басталады» тақырыбында бірлескен форум өтті.

Форумның мақсаты: студенттерді жұмысқа баулу, өнеркәсіптерге өмірден шығатын мамандықтарды ұсыну. Аталмыш форумға Жамбыл жоғары медициналық колледжіде өз үлесін қосып, колледж жылы жайында өсетін дәрілік шөптерден пайдалы сусындар дайындап, қатысушыларға ұсынды, сонымен қатар медициналық заттардан көрме ұйымдастырды.



2 | АШЫҚ САБАҚ



09.06.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер циклдык әдістемелік комиссия оқушысы Ғ.Н. Турматов «Денсаулықты» пәнінен «Емдеу ісі» бөлімі, 217 ЕФ-9/23 тобымен

«Жеңіл атлетика. Төменгі сөреден 100 метр қашықтыққа жүгіру әдісін үйретіп дамыту.» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: денені сауықтыру мақсатында, студенттердің қимыл-іс-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігін толық жетілуді қамтамасыз ете отырып, түрлі жаттығуларды орындау кезіндегі, жылдамдыққа, ептілікке, шыдамдылыққа, икемділікке үйрету.

3 | ЖАРЫС

«Жемқорлықсыз қоғам – жарқын болашақ»! тақырыбында ұйымдастырылған I курс студенттері арасында тоғызқұмалақтан колледж біріншілігі өтті.

I-орын Серік Дидар 130 топ
II-орын Абдибеков Абдулла 120 топ

III-орын Өмірзақ Расул 115 топ
Жауапты: Ахметов С.А.



4 | “ЖАС МАМАН, АЛҒА ҚАРАЙ БАС ҚАДАМ!”



10.06.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен 2025 – жыл Жұмысшы мамандықтар жылына орай «Жас маман, алға қарай бас қадам!» тақырыбында жас оқытушылар арасында іс

–шара өткізілді. Мақсаты: жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қоғамдық өмірге белсене араласуына жол ашу.

Әріптестер арасында достық қарым-қатынас орнатып, ұйымшылдықтарын дамыту.



5 | «САУЛЫҚ САҚШЫСЫ-ДӘРІГЕР» МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

11.06.2025 ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК мүшелерінің ұйымдастыруымен «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылық бағытында медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған «Саулық сақшысы – дәрігер» тақырыбында ашық іс-шара өткізілді.



Құндылығы: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілігі: инновациялық ойлау

елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалау. Қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну.

Еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну. Жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.

6 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



03.07.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2024-2025 оқу жылының қорытынды педагогикалық кеңесінің отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылындағы орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің меңгерушісі Жасұзақ М.Қ.

қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің меңгерушісі Жасұзақ М.Қ.

2. Күндізгі бөлім «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» «Зертханалық диагностика» мамандықтары бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.

3. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-әдістемелік жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: оқу-әдістемелік кабинет меңгерушісі Мейрманова Л.К.Күндізгі бөлім

4. «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Акушер ісі», «Фармация», «Зертханалық диагностика» мамандықтары бойынша диплом алдындағы тәжірибенің қорытындысын сараптау. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәжірибе жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андакулова Қ.Т.

5. Әр түрлі сұрақтар.

Педагогикалық кеңестің соңында 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша оқытушылар номинация иегерлері атанып, марапатталды:

«Үздік оқытушы -2025» – Серкебаева Аугуль Кумекбаевна

«Үздік жас маман – 2025» – Мұратова Жадра Мұратовна

«Үздік куратор – 2025» – Құдайбергенова Айсұлу Кенжебековна

«Үздік бөлім – 2025» – Ескебекова Зиразш Сердалиевна

«Үздік ЦӘК – 2025» – Кырыкбаева Балжан Ашибекқызы

«Үздік тәлімгер – 2025» – Ибраев Женис Шуйиншибекович

«Үздік ашық сабақ – 2025» – Бекетаева Фазиля Қанатқызы

«Үздік байқау – 2025» – Джантасова Роза Утаргалиевна

«Үздік тәрбие сағаты – 2025» – Иманалиева Гаухар Жанатовна

«Үздік үйірме жетекшісі – 2025» – Бейсенбек Шахризада Жанибековна

«Үздік апталық – 2025» – Парманова Алтынай Тамбесовна

«Үздік құрылымдық бөлім – 2025» – Мураталиева Нұржамал Мухтаровна

«Үздік қызметкер -2025» – Сүйінбекұлы Кәрім



7 | ТҮЛЕКТЕРМЕН ҚОШТАСУ



3.07.- 4.07.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжі «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» және «Зертханалық диагностика» мамандықтары бойынша 87-ші түлектерін ұядан ұшырды. Түлектерді құттықтауға Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Назарбек Сержан Сарсенбекұлы, «СЕНІМ»

Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Момбекова Гүлмайра Асановна және Денсаулық сақтау ісінің үздігі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Жамбыл жоғары медициналық колледжін 30 жылдан аса басқарған ардагер ұстаз Қоңырова Самиха Қоңырқызы келді. Қонақтар бітіруші түлектерге ақ жол тілеп, «Оқу озаты», «Колледж мақтанышы» медальдарын және белсенді студенттер мен ата-аналарға алғыс хаттар мен дипломдар тапсырды.

Жас түлек!!!

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы медицина мамандарын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Еліміздің денсаулық саласын дамытуға өз үлесін қосуға асыққан қаншама білікті, дарынды жас түлектер дайындалды. Олар – халқымыздың амандығы мен ұлт саулығы жолында аянбай еңбек ететін, әр науқасқа үміт, әр жанұяға қуаныш сыйлайтын ақ халатты абзал жандар. Ұстаздарынан алған білім мен тәжірибені, жүрек қалауымен таңдаған мамандықтың қасиетін бағалап, еліміздің медициналық әлеуетін одан әрі арттыру жолында табандылықпен еңбек ететініне сенім мол!

